

**Тайтөбе ауылының ЖОББ мектеп
кітапханасының жылдық есебі
2023 – 2024 оқу жылы**

Жас ұрпақты тәрбиелеуде кітапхананың орны ерекше. Бүгінгі шәкірттер- ертенгі ел тұтқасы. Тәрбие мен тәлім егіз ұғым десек, тәрбие мен білім берудің жаңа жолын кітапханадан табамыз.

Кітапхана- оқушылардың сапалы білімінің кепілі. Кітапхана-кітап арқылы жеке адамның жан-жақты білім алуымен қатар патриоттық рухта тәрбиеленуіне, саяси сапасына қалыптастырып, ғылыми, кәсіби, мәдени дәрежесінің дамуына әсер ететін бірден-бір әлеуметтік орын. Жас ұрпақтың бойында патриоттық, отансүйгіштік, адамгершілік, әділдік бауырмалдық қасиеттерді қалыптастыруда кітапхананың маңызы орасан зор.

Тайтөбе ауылының ЖОББ мектебінің мектеп кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бірқатар іс - шаралар іске асырылуда.

Жобаның мақсаты: мектеп қызметкерлерінің, оқушылардың, ата-аналардың оқу мәдениетін, оқушылардың оқу мәдениетінің және кітап оқу белсенділігінің деңгейін арттыру, көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізуге, тіл байлығын арттыруға ықпал ету, кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша жоспар жасалып, бекітілді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша іс-шаралар мектеп сайтында салынып, әлеуметтік желілерде жарияланды. Мектеп кітапханашысы Жунусова Г.О. сынып жетекшілермен бірлесе отырып жұмыстар жүргізуде.

Қыркүйек айында **“Мен болашақ оқырман”** тақырыбында мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндерді кітапхана өмірімен таныстыру мақсатында кітапханаға саяхат сабағы ұйымдастырылды.

Мақсаты: Мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндерді кітапхана өмірімен таныстыру; Оқушылардың кітапқа деген қызығушылықтарын арттырып, кітапты күтіп ұстауға тәрбиелеу.



Кішкентай оқырмандардың кітап оқуға деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында **“Бірге оқимыз, дауыстап оқимыз”** кітапты дауыстап оқу шарасы ұйымдастырылды.



Тәуелсіздік мерекесіне орай “Айбыны асқақ, тұғыры биік Тәуелсіз Қазақстан!” кітап көрмесі.

Мақсаты: Оқушыларға елі мен жерін қастерлеуді, “Тәуелсіздік” ұғымын насихаттау.



“Кітапханаға кітап сыйла” акциясы

Мақсаты: халықтың рухани байлығын дамытып, оқырман мен кітапхана арасындағы байланысты нығайту.




“Кітаппен өткен демалыс күнім” қысқы демалыс уақытында қашықтан кітап оқу марафоны

Мақсаты: Оқушылардың демалыс уақытын тиімді өткізіп, оқу сапасын арттыру




“Менің атым Қожа” оқырман конференциясы

Мақсаты: Оқушыларды жазушы өмірі мен шығаршылығын таныстыра отырып, әлемге танылған «Менің атым Қожа» шығармасы жайында білімдерін толықтыру



Кітапхана қоры, Қосшы қаласы Білім бөлімінен берілген әр сала бойынша жаңадан көркем әдеби кітаптармен толықты. Осы орайда мектеп кітапханашысы Жунусова Г.О «Жаңа кітап – жаңа әлем» деген атпен кітапханаға келіп түскен кітаптарды насихаттап, шолу жасады.





Қазақтың «Үш бәйтерегі» атанған С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлиннің туғанына 125 жыл толуына орай кітапханада кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрменің мақсаты: өткен ғасырда ел үшін еірнбей еңбек етіп, артына мол рухани қазына қалдырған көрнекті тарихи тұлғаларды жас ұрпаққа насихаттау.



“Бір сынып, бір кітап”

2 сынып жетекшісі Гаюпова А.М. сынып оқушыларымен кітапхана қорына келіп түскен «Қазақ халық ертегілерін» сынып болып оқыды.

Мақсаты: Ертегі мазмұнын түсіне отырып, көз алдарына елестету арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту





Қазақстан халық жазушысы С.Жүнісовтың 90 жылдық мерейтойына орай Қосшы қалалық кітапханасы «Сәкеннің сырлы әңгімелері» атты 5 – 8 сынып оқушылары арасында көркемсөз оқу шеберлерінің байқауын өткізді.


Аталған байқауда Қобдыбекова Дильяра I дәрежелі дипломмен, Жанатева Агла алғыс хатпен марапатталды.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, «Жақсы кітап – жан азығы» қалалық конкурсына мектебімізден 5 – 9 сынып арасында оқушылар қатысып, Бақытова Айша жүлделі орынға ие болды.



“Абайдың қара сөзі тәрбиенің көзі” атты челлендж



“Жырлайды жүрек” мәнерлеп оқу сайысы

Ақиық ақын М.Мақатаевтың туған күніне орай мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылды. Оқушылар ақынның өмірі мен шығармашылығымен таныса отырып, ақын өмірінен өздері білетін ақпараттармен бөлісті. Сайысқа қатысушылар алғыс хатпен марапатталды.



“Ауыл кітапханасына саяхат”

«Ұлыстың ұлы мерекесі» қарсаңында ауыл кітапханасында «Ауыл кітапханасына саяхат» көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге 4 сынып оқушылары мен сынып жетекшісі Куанышева Г.Б, мектеп кітапханашысы Жунусова Г.О барды.



Ұлттық құндылықтарды балалар санасына сіңіру, еліне, жеріне деген сүйіспеншілікті арттыру мақсатында «Қазақ халық ертегілері ұлттық тәрбие бастауы» ертегілер фестивалі



2 Сәуір Халықаралық балалар кітабы күніне орай «Кітапхана күн шуағы білімнің» кітапхана сабағы

Мақсаты: Кітаптың адам өміріндегі маңызы, кітаптың және балалар кітап күнінің шығу тарихымен таныстыру




19 сәуір Қосшы қаласында өткен «Кітап – әлем айнасы » тақырыбында өткен шараға мектебімізден 3 – сынып оқушылары «Мақта қыз бен мысық» ертегісінен қойылым қойса, Қобдыбекова Д «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан үзінді оқыды. Шараға қатысушылар алғыс хатпен марапатталды.



23 Сәуір Халықаралық кітап күніне орай кітап көрмесі ұйымдастырылып, әлем халықтарының шығармаларымен, авторлары жайында мәлімет берілді.




12 сәуір – дүниежүзілік ғарышкерлер күніне орай мектеп кітапханасы көрме ақпарат ұйымдастырды. Тақырыпқа сай ұйымдастырылған көрмеге Ю.Гагариннің, Т.Әубәкіровтың, Т.Мұсабаевтың, А.Айымбетовтың өмірі, еңбек жолдары туралы, кітапхана қорындағы ғарыш тақырыбындағы кітаптар қойылып, шолу жасалды.



“Оқуға күштарлықты қалай арттыруға болады?” аясында «Интернет кітаптың орнын баса ала ма?» дебат

Мақсаты: Оқушылардың интернеттен кітап оқуы туралы ой қалыптастыру, пайдасы мен зияны



Мектеп кітапханасында Ұлы Жеңіс күніне арналған «Ел есінде ер болса, өлмес мәңгі ерлігі» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушыларды Отанын сүйуге, оны қорғауға баулу, патриоттық тәрбие беру. Оқырмандардың Ұлы Отан соғысы батырларының есімдерін жете танып білуін және кітапхана қорында сақталған жеңіс, соғыс туралы басылымдармен терең танысуын қамтамасыз ету.



Қосшы қаласында өткен «Кітапқұмар» сайысына мектебімізден Бекжан Аружан және Ганиева Зарина қатысып, жүлделі орындарға ие болды.



Білімге ұмтылған оқырманның табылар жері – кітапхана. Кітап оқу жан дүниемізді байытады, жаңа технология заманында да кітап адамның ой өрісіне ықпал жасап, рухани азығы болып қала бермек. Қазіргі заманға сай оқырмандардың ойын ұшқырлайтын, іс – шаралар ұйымдастыру, оқудан қол үзбейтін оқырмандарды көбейтіп, оқу – тәрбие жұмысына ықпал етуде кітапхананың атқаратын рөлі ерекше.